

## Ақтөбе облысының мәдениет және білім беру ұйымдарына атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 301 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 11, 81-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысының мынадай мәдениет және білім беру ұйымдарына:

1) "Шалқар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Шалқар аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына - Сары Батақұлының есімі;

2) "Ақтөбе қаласындағы № 32 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназия" мемлекеттік мекемесіне Мәрия Құрманғалиеваның есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*